

Қобда ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 189 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 наурызда № 3-7-103 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2016 жылғы 24 наурыздағы № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 24.03.2016 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында Қобда ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орны 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат сессиясының
төрағасы*

Д. Көпесов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

І. Қобланов

Қобда аудандық мәслихаттың
2011 жылғы 18 ақпандағы № 189
шешіміне қосымша № 1

Қобда ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орны тізбесі

№ р/с	Өткізу орны	Объект атауы
1	Ақрап ауылдық округі бойынша	Ақрап ЖШС-і ғимаратының алаңы
2	Бұлақ ауылдық округі бойынша	Әлия ш/қ аумағында. Талдысай ЖШС-ің МТМ аумағы. Бұлақ ауылының күн шығыс алаңқайы.
	Бегалы ауылдық округі	

3	бойынша	Калиновка ауылының Қазақстан көшесіне кіреберсінде
4	Бестау ауылдық округі бойынша	Бестау ЖШС асханасының алды
5	Білтабанов атындағы округі бойынша	Сауқайың ЖШС – нің алаңы
6	Жарық ауылдық округі бойынша	Жарық ауылы - ескі ауылдық мәдениет үйі ғимаратының алаңы, Ортақ ауылы – "Баян-ауыл" ЖШС-нің алаңы, Қанай ауылы- "Қанай" ш/к алаңы
7	Жарсай ауылдық округі бойынша	Жарсай ауылы – "Сұңқар" ш/к алаңы, Ақсай ауылы-ескі ауылдық клуб ғимаратының алаңы, Қарағанды ауылы- "Қарағанды" ЖШС-нің аумағы
8	Жиренқопа ауылдық округі бойынша	Балаларға арналған футбол алаңы
9	Жаңаталап ауылдық округі бойынша	Бұрынғы бала бақшаның аймағы
10	Исатай ауылдық округі бойынша	"Қиыл" ЖШС-нің алаңы
11	Қобда ауылдық округі бойынша	Қобда жер ЖШС-нің алаңы, Нұр-МТС ш/к алаңы
12	Құрсай ауылдық округі бойынша	Стадион алаңы
13	Қызылжар ауылдық округі бойынша	Қызылжар ауылының бұрынғы монша аймағы, Қаракемер ауылы-бұрынғы авто тұрақ алаңы
14	Құрманов атындағы ауылдық округі бойынша	"Бегалы" ЖШС-нің алаңы, Егіндібұлақ ауылы-тәуелсіздік көшесінің кіреберісі
15	Өтек ауылдық округі бойынша	"Дәуір" ЖШС-нің алаңы
16	Сарбұлақ ауылдық округі бойынша	"Сары Қобда ЖШС-нің әкімшілік ғимаратының алаңы"
17	Сөгалы ауылдық округі бойынша	Стадион алаңы
18	Терісаққан ауылы аумақтық әкімшілік бірлігі	"Өспен" ЖШС-нің алаңы